

6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының «Ауылшаруашылық жануарлары желінсауының иммунопрофилактикасы» диссертациялық жұмысына берілген

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	2020-2023 ж.ж. «Жануарлар маститінің әртүрлі формаларын емдеу мен алдын-алу заманауи әдістері» атты ынталы ғылыми-зерттеу бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде орындалып, ҰҒТАО-да тіркелген. Мемлекеттік тіркеу №0121РКИ0076, 07.04.2021ж.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері ветеринария ғылымдарына елеулі үлесін қосады және маңыздылығы толықтай айқындалған. Атап айтса, ауыл шаруашылығы жануарларындағы желінсауының субклиникалық (жасырын) түрлерін диагностикалаудың ең тиімді құралдары

			анықталған. Жануарлар желінсауына қарсы поливалентті вакцина дайындалып, вакцина шаруашылықтарда өндірістік жағдайда сынаудан өткізіліп, нәтижесінде 90 % жануарларда желінсауға қарсы иммунитет қалыптастырған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	1) Жоғары. Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмыстың мәтініндегі сөздер, сөйлем құрауы, жазылу стилі, ветеринариялық терминдер сауатты, бірі-байланыса жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	1) Негізделген. Ветеринария ғылымы мен практикасы үшін халықтық экономикалық және әлеуметтік маңызы бар үлкен мәселе – сүт бездерінің аурулары, ең алдымен желінсау болып табылады. Бұл ауыл шаруашылығы жануарларының желінсауын емдеу және алдын алу әдістерін қайта қарауға және бірінші кезекте сүт безінің де, жалпы организмнің де қалыпты физиологиялық жағдайын қалпына келтіруге бағытталған экологиялық таза препараттарды тәжірибеге енгізуге негіз береді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, диссертациялық жұмыста ауыл шаруашылығы жануарларындағы желінсаудың этиологиялық құрылымын зерттеуді, желінсауды диагностикалаудың сенімді әдістерін анықтауды және жануарлар желінсауына қарсы поливалентті

			<p>вакцинаның дайындау – аталған мәселелердің бірден-бір жолы және диссертацияның өзектілігін толықтай сипаттап отыр.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>1) Айқындайды.</p> <p>Жұмыстың «Ғылыми әдебиеттерге шолу» бөлімінде жануарлар желінсауынан келетін экономикаық шығындар, аурудың этиологиясы, ауруды балау, емдеу және алдын алу туралы мәліметтер мен қолданыстағы вакциналар, дәрілік препараттар туралы ақпараттар берілген.</p> <p>Өзіндік зерттеулерінде ауылшаруашылық жануарларының желінсауының таралуы, этиологиясы, бөлініп алынған өсінділердің биологиялық қасиеттері зерттелініп, антибиотиктерге сезімталдығы анықталған; клкникалық материалда молекулярлық-генетикалық әдіс арқылы патогенді агенттерді анықтау тәсілдері құрастырылып, желінсауды спецификалық алдын алу; поливалентті вакцина дайындау технологиясы; вакцинаны апробациялау жұмыстары жүргізіліп, препараттың тиімділігі зерттелінген. Осыған байланысты, диссертация мазмұны оның тақырыбын толыққанды ашып отыр.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 	<p>1) Сәйкес келеді.</p> <p>Жұмыстың негізгі мақсаты - ауыл шаруашылығы жануарларында (сиыр, қой) желінсаудың спецификалық профилактикасын жасау және оның</p>

		3) сәйкес келмейді	тиімділігін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	1) Толық байланысқан. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан, атап айтқанда, «Кіріспе», «Ғылыми әдебиеттерге шолу», «Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін талдау», «Қорытынды», «Тәжірибелік ұсыныстар» атты тараулары және оның бөлімдері бір-бірімен ұштасып, өзара толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	1) Сыни талдау бар. Диссертациялық жұмыстың «Ғылыми әдебиеттерге шолу» атты бөлімінің 1.5 бөлімінде жануарлар желінсауын алдын алу мен емдеуге арналған препараттарға сипаттама берген. «Зерттеу нәтижелерін талқылау» тарауында диссертант өзінің қол жеткізген нәтижелеріне талдау жасап, жұмыс нәтижелерін дәйекті түрде келтіре отырып, салыстырмалы түрде баға берген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Ғылыми жұмыста ауылшаруашылық жануарлар желінсауының этиологиясын зерттеп, ауруға жан-жақты балау қойылып, аурудан сауықтыру мақсатында поливалентті вакцина дайындап, оны тәжірибелік және өндірістік жағдайда иммуногенділік қасиетін зерттеген. Зерттеу нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа

			болып табылады.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Толығымен жаңа. Жұмыста зертханада және шаруашылық жағдайында алынған нәтижелерге сүйеніп қорытындылар жасалынған. Вакцинаның тиімділігін саулыққа зерттеу жүргізу барысында 150 бас тәжірибе тобы және 90 жануар бақылау тобы алынған. Вакцинаны тері астына тәжірибелік саулықтарға бірінші айында аналық малға 5 мл дозада енгізілген. Тәжірибе нәтижелері желінсаудың клиникалық түрлерінің көрінісімен бағаланады. Ұстау, азықтандыру, күту жағдайлары бірдей болғанда тәжірибедегі 150 жануардың 10 (6,6%)-ы желінсаумен ауырған. Бақылауға алынған 90 бас саулықтың 9-ы (10,0 %) клиникалық желінсаумен ауырғаны анықталған. Осыған орай, қорытындыны толықтай жаңа деп тануға болады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) Толығымен жаңа. Жануарлар желінсауына қарсы дайындалған поливалентті вакцина организмде иммунитетті қалыптастырып, қоздырушының штамынан дайындалған отандық вакцинаның тиімділігі және оны практикада қолданудың оңтайлы жолдары – диссертациялық жұмыстың технологиялық тұрғыдан жаңа шешімі ретінде қарастыруға болады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Жалпы нақты дәлелдермен негізделген, зерттеу жұмыстарының зертханалық және өндірістік зерттеулерінен туындаған қорытынды жасалынған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ізденушінің диссертациялық жұмысының нәтижесінде қағидат тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген, оны жарияланған жұмыстарынан көруге болады. Қағидаттардың қолдану деңгейі өте кең.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес</p> <p>7.3 Жаңа</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген.</p> <p>Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтының 2019 жылғы 4 наурыздағы «Ірі қара малдың желінсауына қарсы вакцина өндіру әдісі» өнертабысқа патентімен расталды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде № 4672 12.02.2020 жылы тіркелген.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының әдістемесі нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдіс, тәсілдер дәйекті, дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Диссертант диссертация жұмыстарының нәтижелерін компьютерлік технологияны қолдана отырып, заманауи әдіс молекулярлық-генетикалық әдіс және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты материалдарға және кейінгі зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Жұмыста отандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталған.

			Диссертанттың өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста отандық және әлемдік еңбектерге шолу жасалынып, негізге алынған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық та, әдістемелік те негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі жұмыс ғылыми тұрғыдан дәлелді орындалып, әдебиеттердегі пікірлермен толықтырылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	1) Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Ветеринария мамандарын дайындауда оқытылатын пәндерге қосу теориялық және практикалық базасын нығайтады, сонымен қатар еліміз аграрлық мемлекет болғандықтан малшаруашылығымен айналысатын барлық шаруашылықтарға қолдану аясы кең.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Ізденушінің ұсынып отырған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	1) Жоғары. Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде,

	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	академиялық еңбектің стильдік талаптарына сай, техникалық рәсімдеу нормаларын сақтай отырып жазылған еңбек болып табылады.
--	------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Шешім: Жылқайдар Арман Жетпісбайұлының «Ауылшаруашылық жануарлары желінсауының иммунопрофилактикасы» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2- тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,
 ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Ж.О.Кемешов Ж.О.Кемешов

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ж.О.Кемешов

10.05.2024

Ғалым - хатшы *Ж.О.Кемешов*

